

**Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 59 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 11 сәуірде № 7554 тіркелді.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 ақпандағы  
№ 59 қаулысымен  
бекітілді

**Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар**

**Ескерту. Талаптардың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыруға, клиринг ұйымында мониторингінің, тәуекелдерді бақылау және басқару шарттары мен талаптарын белгілеуге қойылатын талаптарды айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) есеп айырысу ұйымы – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айрысуларды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асыратын ұйым;

2) клиринг - қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде клирингтік қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау , тексеру және беру процесі;

3) клирингтік жүйе – клиринг қызметін жүзеге асыруға арналған клиринг ұйымының бағдарламалық-техникалық кешені;

4) операциялық тәуекел – қолайсыз немесе жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары мен жүйелер немесе сыртқы оқиғалардың нәтижесінде туындауы мүмкін шығын ықтималдығы, оның ішінде:

ақпараттық технологиялар саласындағы қолайсыз стратегиялар, саясаттар және (немесе) стандарттар, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану кезіндегі кемшіліктер нәтижесінде туындаған тәуекел;

қолайсыз ақпаратқа не оны тиісінше пайдаланбауға байланысты тәуекел;

бизнес-процестерді қолайсыз құруға не ішкі құжаттар мен қағидаларды сақтауды әлсіз бақылауға байланысты тәуекел;

клирингтік ұйымның қызметкерлерін тиісінше басқармауға және (немесе) біліксіз қызметкерлерге байланысты тәуекел;

клирингтік ұйымның ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты тәуекел;

клирингтік ұйымның қызметіне сыртқы әсер етудің көзделмеген немесе бақылауға келмейтін факторларының нәтижесінде туындаған тәуекел.

5) стресс-тестинг – клиринг ұйымының қызметіне ықпал ететін клиринг ұйымының қаржылық жағдайына ерекше болатын, бірақ ықтимал оқиғалардың әлеуетті ықпал етуді өлшеу әдістемелері;

6) уәкілетті орган - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Клиринг ұйымының Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің осы қаулы талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді және клиринг ұйымы органдарының, бөлімшелерінің және қызметкерлерінің оларға тәуекелдерді басқару саласы бойынша жүктелген міндеттерді орындауы бойынша талаптар тудырады.

3. Клиринг ұйымындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптар былайша бөлінеді:

- 1) тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын базалық талаптар;
- 2) ұйымдық құрылымына қойылатын талаптар;
- 3) мониторингке, бақылауға және тәуекелдерді басқару тәртібіне қойылатын талаптар;
- 4) қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 5) ішкі бақылау жүйесінің болуына қойылатын талаптар.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Клиринг ұйымы жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей уәкілетті органға осы Талаптардың қосымшасына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша есепті береді, ол мыналарды қамтиды:

- 1) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың толық тізбесін;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес келудің (сәйкес келмеудің) дербес бағалануын;
- 3) тәуекелдерді басқару жүйесінде кемшіліктер анықталған жағдайда, түзетілуі тиіс кемшіліктерді, оларды жою жөніндегі іс-шараларды, жауапты адамдарды және іс-шаралар орындалуының нақты мерзімдерін көрсетіп, кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын.

5. Клиринг ұйымы тәуекелдерді басқару жөніндегі клиринг ұйымының саясатында көзделген тәртіппен тәуекелдердің негізгі түрлері (кредиттік, жүйелік, операциялық, нарықтық) бойынша тоқсанына бір реттен кем емес стресс-тестинг жүргізеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Тәуекелдердің негізгі түрлері (кредиттік, жүйелік, операциялық, нарықтық) бойынша стресс-тестинг нәтижелері тәуекелдерді басқару жөніндегі клиринг ұйымының саясатында белгіленген тәртіппен ресімделеді және стресс-тестинг сценарийінің сипаты, іріктелген стресс-тестинг сценарийінің негіздемесі және стресс-тестинг нәтижелері бойынша ұсынымдар қамтылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **2-тарау. Тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын базалық талаптар**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Клиринг ұйымында тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы клиринг ұйымы қызметінің корпоративті басқару талаптарына, бағалы қағаздар нарығында қызметтің кәсіби түрін жүзеге асыру шеңберінде операциялар жүргізу тәжірибесінің болуын, клиринг жүйесінің жұмыс істеуін көздейді.

Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесі оның қызметіне тән тәуекелдерді бақылауды, мониторингтеуді және азайтуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесі өз қызметінде мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) қаржы құралдарымен сауда-саттықтың нәтижелері бойынша клирингті ұйымдастыру, өткізу және басқару;
- 2) клирингтік қатысушылар, қор (тауар) биржасы, орталық депозитарий және (немесе) есеп айырысу ұйымы ұсынатын ақпаратты жинау, енгізу, сақтау және тарату;
- 3) клиринг процесінің үздіксіз, үзіліссіздігін қамтамасыз ету мақсатында клиринг жүйесіне тұрақты мониторинг жүргізу;
- 4) клиринг процесінде пайдаланылып отыратын клиринг ұйымын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету аудиті;

5) клирингтік қызмет көрсетуге қабылданған биржалық мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асыру;

6) қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде жасалған сауда-саттық және мәмілелер, сондай-ақ клиринг бойынша ақпарат жинау, талдау және сақтау;

7) клиринг ұйымының активтерін қаржы құралдарына инвестициялау;

8) клиринг ұйымын басқаруда ұйымдық-функционалдық құрылым құру және оны жетілдіре түсу;

9) ішкі рәсімдер мен құжаттарды әзірлеу және бекіту;

10) клиринг ұйымының мүдделі органдарына шешімдер қабылдау үшін ақпаратты ұсыну, және клиринг ұйымының органдары мен бөлімшелері арасында ақпарат алмасу;

11) клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару саласы бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен және ішкі саясатымен белгілеген талаптарын клиринг ұйымының сақтау мониторингі;

12) клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйі, сондай-ақ олардың клиринг ұйымының ішкі құжаттары талаптарына сәйкестігі мониторингі;

13) клирингтік қатысушылармен жұмысты ұйымдастыру тәртібін айқындау, оның ішінде дауларды қарау және шешу, сондай-ақ клирингтік қатысушылардың өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда тиісті шаралар қолдану рәсімдерін айқындау;

14) резервтік немесе кепілдік берілген клирингтік қорларды құру және пайдалану.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Тәуекелдерді басқару жүйесі мынадай ішкі құжаттардың болуымен ғана шектелмей мыналарды көздейді:

1) клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты;

2) клиринг ұйымының активтерін инвестициялау тәртібі;

3) ішкі бақылауды және ішкі аудитті жүзеге асыру рәсімдері;

4) клиринг ұйымында орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын басқару рәсімдері;

5) клиринг ұйымының басшы және өзге қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратты және бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты пайдалануын болдырмауға бағытталған рәсімдер;

6) қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асыру тәртібі;

7) клирингтік қатысушылардың клирингтік қатысушылар ретіндегі қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының, клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына және клирингтік қатысушылардың қаржылық жағдайына қойылатын талаптарға сәйкестігі мәніне мониторинг және бақылау жасаудың тәртібі мен шарттары;

8) резервтік немесе кепілдік берілген клирингтік қорларды қалыптастыру, сондай-ақ оны пайдаланудың тәртібі мен шарттары;

9) клирингтік қатысушыларға қойылатын талаптар;

10) клиринг ұйымының ақпараттық саясаты;

11) техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2014 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

11. Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты мыналарды айқындайды:

1) клиринг ұйымының директорлар кеңесінің, басқармасының, тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесінің және клиринг ұйымының клирингтік қатысушыларға мониторинг және бақылау жүргізу жөніндегі бөлімшесінің өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері, сондай-ақ осы органдар мен бөлімшелердің арасындағы ақпарат алмасу тәртібі;

2) клиринг ұйымының қызметіне және оның клиринг жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдер көрсеткіштерінің сандық мәнін анықтау тәртібін қосқандағы тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жөніндегі рәсімдер, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша жоғары қол жетімді мәнін анықтау бойынша рәсімдер;

3) клиринг ұйымының қызметіне және оның клиринг жүйесінің жұмыс істеуі барысында туындайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар;

4) осы тармақтың 2) тармақшасымен белгіленген рәсімдер тиімділігі, клиринг ұйымының тәуекелдер көрсеткіштерінің мәнін және тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды бағалау бірдейлігі мониторингінің механизмі;

5) осы тармақтың 2) тармақшасымен белгіленген және осы тармақтың 3) тармақшасымен белгіленген рәсімдерге сәйкес келмеген жағдайда қабылданатын шаралар тиімділігі мониторингінің механизмі;

б) тәуекелдерге мониторинг, бағалау және бақылау жасау рәсімдері, оның ішінде:

клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесінің клиринг ұйымының басқа бөлімшелерімен бірлесе отырып, тәуекелдер мониторингі бойынша қабылдайтын шаралары;

тәуекелдердің туындау жиілігін бағалауды, осы тәуекелдердің ықпалдарын кейіннен саралауды және тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндерін белгілеуді қоса алғанда, клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесі жүзеге асыратын тәуекелдерді бағалау;

клиринг ұйымы тәуекелдерінің көрсеткіштері мәндерінің өзгеруіне және осы көрсеткіштердің жол берілетін ең жоғары мәндеріне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары

мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді азайту мақсатында қабылданатын шараларға мониторинг жасау қамтылатын, клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингі;

клирингтік қатысушылар қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде жасасқан мәмілелер бойынша клиринг ұйымының жауапкершілігіне әкеп соғуға мүмкіндігі бар кез-келген маңызды жағдайлар туралы директорлар кеңесіне дереу есептілік беру тетігі ;

клирингтік қатысушылар тәуекелдерінің көрсеткіштері мәндерінің және тәуекелдердің осы көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндерінің өзгеруіне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді азайту мақсатында қабылданатын шаралар мониторингі қамтылатын, клиринг ұйымының клирингтік қатысушыларға мониторинг және бақылау жүргізу жөніндегі жауапты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингі.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2014 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

12. Клиринг ұйымының активтерін инвестициялаудың тәртібі қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін, қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру барысында қолданылатын құжаттардың үлгі нысандарын белгілейді және мыналар бойынша рәсімдердің сипаттауын қамтиды:

1) клиринг ұйымының активтерін инвестициялау саясатын әзірлеу;

2) мыналарды көздейтін инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін ұсынымдар дайындау:

ұсынымдар беруге уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесін;

инвестициялық портфельдің жай-күйін талдауды жүзеге асыру тәртібін;

инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдары айналымының және кірістілігінің болуын, талаптарын талдауды жүзеге асыру тәртібін;

инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдерді талдауды жүзеге асыру тәртібін;

ұсынымдарды беруге маңызды факторлардың талдауын жүзеге асыру тәртібін;

3) инвестициялық комитет жұмысының сипаттамасы, отырыстарды өткізудің және қорытындыларын рәсімдеу кезеңділігі қамтылған инвестициялық шешімдерді қабылдау;

4) инвестициялық шешімдерді дайындау, қабылдау және орындау барысында клиринг ұйымдарының органдары мен бөлімшелерінің өзара іс-қимыл ету;

5) көмегі арқылы мәмілелер жасау болжанатын (осындай бар болса) делдалмен (брокермен) өзара іс-қимыл ету процестерінің сипаттамасы қамтылған қаржы

құралдарымен мәмілелер жасасу және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру, мәмілелер жасасуға бақылау, активтердің құрамы мен қозғалысын салыстырып тексеруді жүзеге асыру, жасалған мәмілелердің ішкі есепке алуын және құжат айналымын жүргізу, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға бақылауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлердің тізбесі;

б) клиринг ұйымының басқармасы қаржы құралдарымен операциялар бойынша қызмет нәтижелері туралы есептілікті дайындау.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Клиринг ұйымы қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуды қамтамасыз ету мақсатында, мыналар кіретін, бірақ олармен шектелмейтін активтерді инвестициялау саясатын әзірлейді:

- 1) активтерді инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиясы;
- 2) инвестициялау объектілерінің сипаттамасы мен тізбесі;
- 3) қаржы құралдарының түрлері бойынша активтерді инвестициялау лимиттері;
- 4) қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты белгіленген талаптар мен шектеулер;
- 5) хеджирлеу құралдарының тізбесін және сипаттамасын көрсете отырып, активтерді инвестициялау портфелін хеджирлеу және әртараптандыру талаптары;
- 6) активтерді инвестициялаумен байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпарат.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14. Клиринг ұйымының активтерін инвестициялаудың саясатын және оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды клиринг ұйымының директорлар кеңесі бекітеді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Ішкі аудитті және ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімдері:

- 1) ішкі аудит қызметінің құрамын, оның функцияларын, міндеттері мен өкілеттіктерін;
- 2) ішкі аудитті және ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерге қойылатын талаптарды;
- 3) ішкі аудит пен ішкі бақылаудың мәнін және объектін;
- 4) ішкі аудит қызметінің тексеру жүргізу ауқымын және жиілігін;
- 5) ішкі аудитті жүргізу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау жүйесін міндетті түрде пайдалануын;
- 6) ішкі аудитті жүргізу жоспарын жасауға қойылатын талаптарды;
- 7) ішкі аудит қызметінің клиринг ұйымының директорлар кеңесіне тексеру нәтижелері туралы есептерді ұсыну мерзімдерін және нысанын белгілейді.



16. Клиринг ұйымы қызметін жүзеге асыру барысында оның органдарымен және (немесе) бөлімшелері арасында туындайтын клиринг ұйымында орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын басқару рәсіміне мыналар кіреді:

1) мыналарды қамтамасыз етуге бағытталған клиринг ұйымының органдары шешім қабылдау рәсімдері:

клиринг ұйымы органдарының мүшелері қабылдайтын шешімдердің тәуелсіздігін;

клиринг ұйымы органдарының мүшелері қабылдайтын шешімдерге мүдделі болмауын;

клиринг ұйымы органдары мүшелерінің және қызметкерлерінің клиринг ұйымы органдарының отырыстарын жүргізу барысында алынған ақпаратты тұлғалардың көпшілік тобының арасында осы ақпаратты ресми жариялағанға дейін оны өзінің жеке мақсатында не үшінші тұлғалардың мүддесінде қолдануларын шектеу;

2) клиринг ұйымы органдарының отырыстарын жүргізу қорытындысы бойынша хаттамаларды міндетті жасау мен сақтау бойынша талаптар;

3) клиринг ұйымының бөлімшелері арасында, клиринг ұйымының органдары мен бөлімшелері арасында, клиринг ұйымының бөлімшелері арасында орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын сипаттау;

4) орын алған мүдделер қақтығысын реттеу мақсатында клиринг ұйымы жүргізетін іс-шаралар, сондай-ақ әлеуетті мүдделер қақтығысын реттеуге бағытталған алдын алу шаралары.

17. Инсайдерлік және өзге конфиденциалдық ақпаратты клиринг ұйымының басшылары мен өзге қызметкерлері қолдануларын болдырмауға бағытталған рәсімдер мыналарға бағытталған шараларды қамтиды:

1) инсайдерлік және өзге конфиденциалдық ақпаратты өзінің мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде қолданумен мәмілелер жасасуды болдырмауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік және оған негізделген ақпаратты үшінші тұлғаларға беруді және тұлғалардың көпшілік тобы арасында оны таратуды болдырмауға;

3) клиринг ұйымы қызметкерлерінің инсайдерлік ақпаратқа негізделген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы ұсынымдарды үшінші тұлғалар беру мүмкіндігін шектеуге;

4) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабында клиринг ұйымының инсайдерлік ақпаратқа билік етуге және оны пайдалануға бақылау бөлігінде көзделген шараларға.

18. Қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асыру тәртібі мыналарды көздейтін рәсімдердің сипаттамасын қамтиды:

1) клиринг ұйымы клирингтік қызмет көрсетуге қабылдаған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген клирингті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды жинауды, енгізуді, өңдеуді және сақтауды;

3) клиринг ұйымының бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуін мәмілелер бойынша есептесуді жүргізу жүйесінде қателер мен техникалық іркілістер болуына мониторингі және тестілеуді;

4) қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асыру барысында клирингтік қатысушылар мен клиринг ұйымының арасындағы мәселелерді шешу тәртібі;

5) клиринг ұйымының және клирингтік қатысушылар, қор (тауар) биржасы, орталық депозитарийі және (немесе) өзге есеп айырысу ұйымы арасындағы ақпаратпен алмасу тәртібі мен шарттары.

**Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.05.2014 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

19. Клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушылардың мониторингі және бақылау тәртібі мен шарттары мыналарды қамтиды:

1) клирингтік қатысушылар есептерінің және олардың қаржылық жай-күйінің мониторингіне қажетті өзге ақпараттың тізбесі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты ұсыну шарттары мен мерзімдері;

3) клиринг ұйымының осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты қарау тәртібі мен мерзімдері;

4) клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйін бағалау әдістемесі;

5) клиринг ұйымының басшы қызметкерлері мен бөлімшелеріне клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйі туралы жиынтық есептерді жасау және ұсыну тәртібі мен мерзімдері;

6) клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін клирингтік қатысушыларға қатысты шаралар қолдану тәртібі мен талаптары;

7) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушылар мониторингінің жылдық жоспары;

8) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг

ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушыларды тексеру жүргізу тәртібі мен шарттары;

9) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына клирингтік қатысушылардың сәйкестігін бағалау әдістемесі;

10) клирингтік қатысушыларды тексеру нәтижелерін ресімдеу және клиринг ұйымының басшы қызметкерлері мен бөлімшелеріне осы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері;

11) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген клирингтік қатысушыларға қатысты шаралар қолдану тәртібі мен шарттары.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20. Клиринг ұйымының резервтік, кепілдік беру қорларын және (немесе) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін қалыптастыру, сондай-ақ пайдалану тәртібі мен шарттары мыналарды қамтиды:

1) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорларының және (немесе) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарының, өзге де қамтамасыз етуінің мөлшерлерін айқындау және бағалау әдістемесі;

2) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін, клирингтік қатысушылардың клиринг ұйымының кепілдік беру қорына жарналарды төлеу, клиринг ұйымының резервтік қорын қалыптастыру тәртібі мен шарттары;

3) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорларынан төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары;

4) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорлары активтерін:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік корреспондент банктердің шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B+" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы ағымдағы шоттарындағы ақшаға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо құралдарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корпоративтік облигацияларға (оның ішінде купондық халықаралық облигацияларға);

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы резиденттерінің квазимемлекеттік борыштық бағалы қағаздарына инвестициялау тәртібі мен талаптары;

5) маржалық жарналарды төлеу үшін және (немесе) өзге де қамтамасыз ету үшін енгізілген ақшаны;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы және (немесе) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service

агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корреспондент шетелдік банктердің шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB+" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы ағымдағы шоттардағы ақшаға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздарға (оның ішінде купондық халықаралық облигацияларға);

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо құралдарына;

СВОП операцияларына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалындағы депозиттерге инвестициялау тәртібі мен талаптары.

Осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген құжаттардың тізбесі клирингтік ұйымның клирингтік қатысушылардың бірінің міндеттемелерін орындамау фактісін реттеу мақсатында қаржы құралдарын сатып алған жағдайларға қолданылмайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Клирингтік қатысушыларға қойылатын талаптарда:

- 1) қаржылық жағдайына;
- 2) тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиісті жүйелерінің болуына;
- 3) қор (тауар) биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету шараларын сақтауға, оның ішінде осындай мәмілелер бойынша қажетті қамтамасыз етуді қалыптастыруға қойылатын талаптар қамтылады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Клиринг ұйымының ақпараттық саясаты мыналардан тұрады, бірақ мыналармен шектелмейді:

- 1) клиринг ұйымының ақпаратты жариялау тәртібі мен талаптары;
- 2) клиринг ұйымының беделіне ықпал етуі мүмкін ақпаратты тұрақты мониторинг жүргізу жөнінде талаптар;
- 3) клиринг ұйымының беделіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат пайда болған және таралған жағдайда қажетті шараларды уақытылы қабылдау жөніндегі талаптар.

23. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық:

- 1) өрт қауіпсіздігі бойынша негізгі талаптардан;
- 2) төтенше жағдайлар және (немесе) күтпеген жағдайлар орын алған жағдайда клиринг ұйым қызметкерлерінің іс-әрекеттері сипатталған төтенше жағдайлар және (немесе) күтпеген жағдайлар туындаған жағдайдағы іс-қимылдар жоспарынан;
- 3) клиринг ұйым қызметкерлерінің бағдарламалық-техникалық кешендерді және өзге жабдықтарды пайдалану тәртібінен;
- 4) клиринг ұйымының үй-жайларды жабудың алдында қараудың жүйелілігінен тұрады.

### **3-тарау. Ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Сауда-саттықтың клиринг қатысушыларының қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың клиринг ұйымының ішкі құжаттарына сәйкестігін мониторинг жүргізу мақсатында клиринг ұйым жеке қадағалау бөлімшесін құрады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне клиринг ұйымының басқа бөлімшелерінің функциялары мен міндеттерін жүктеуге жол берілмейді.

25. Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы мен қызметкерлері жоғары білімді, кәсіби құзыреті және тәуекелдерді басқару саласында кем дегенде үш жыл жұмыс тәжірибесі болады, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларын біледі.

26. Клиринг ұйымының ұйымдық құрылымында негізгі функциясы клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнама және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушылардың мониторингі мен бақылау болып табылатын бөлімше қамтылады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. Қаржы құралдармен мәмілелер бойынша клиринг қызметі қор биржасын жүзеге асырған кезде қор биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерге қадағалау бойынша қызметті жүзеге асыратын бөлімшесі осы Талаптардың 26-тармағында көрсетілген бөлімшелердің функцияларын жүзеге асыруға жол беріледі.

28. Клиринг ұйымының қызметін жүзеге асыру барысында оның органдары және (немесе) бөлімшелері арасында туындайтын мүдделердің орын алған және әлеуетті қақтығысын басқару мақсатында мынадай шаралар қабылданады:

1) мүдделер қақтығысы орын алған немесе туындауы мүмкін бөлімшелердің клиринг ұйымының түрлі басшы қызметкерлеріне есептілігін қамтамасыз етеді;

2) орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын ескере отырып, клиринг ұйымының бөлімшелері және органдары арасында ақпарат алмасу тәртібі әзірленеді және енгізіледі;

3) ішкі аудит қызметі үнемі клиринг ұйымының бөлімшелері және қызметкерлерінің қызметін орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын басқару бойынша қабылданған рәсімдерге сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Тәуекелдерді мониторингтеу, бақылау және басқару тәртібі**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Клиринг ұйым өз қызметінде тәуекелдердің мына түрлерін:

- 1) кредиттік тәуекелдерді;
- 2) жүйелі тәуекелдерді;
- 3) операциялық тәуекелдерді;
- 4) құқықтық тәуекелдерді;

- 5) беделдік тәуекелдерді;
- 6) баға, валюталық және пайыздық тәуекелдерді;
- 7) өтімділіктен айрылу тәуекелдерін;

8) тәуекелдерді басқару жөніндегі клиринг ұйымының саясатына сай өзге тәуекелдерді мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

30. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше клирингтік қатысушылардың мониторингі мен бақылауын жүзеге асыратын бөлімшесімен және клиринг ұйымының құқықтық қамтамасыз ету бөлімшесімен (заң бөлімшесі) бірлесе отырып клиринг ұйымының Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасының талаптарын бұзуы, оның ішінде клиринг ұйымының ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасы талаптарына сәйкессіздігі, клиринг ұйымының қызмет практикасының оның ішкі құжаттарына сәйкессіздігі салдарынан туындайтын құқықтық тәуекелдерді реттеуді:

1) клиринг ұйым қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасы, клиринг ұйымының ішкі құжаттарына және рәсімдеріне сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыруды;

2) клирингтік қатысушылар қызметінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында, клиринг ұйымының ішкі қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

3) клиринг ұйымының қызметкерлерін тұрақты негізде клиринг ұйымының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен таныстырып отыруды;

4) клиринг ұйымының Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен белгіленген талаптарын орындамау тәуекелдеріне бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

31. Тәуекелдерді мониторинг жүргізу, басқару және бақылаудың мақсаты мыналар:

- 1) тәуекелдер мен қауіпті уақтылы айқындау;
- 2) тәуекелдер көрсеткішінің ең жоғары рұқсат етілген мәндерін бағалаудың сапасын арттыру;
- 3) тәуекелдерді басқарудың баламалы механизмдерін дамыту;
- 4) тәуекелдерді азайту және басқару бойынша уақтылы шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;

5) тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшені қоса алғанда, клиринг ұйымының жеке бөлімшелерін тәуекелдерді мониторинг жүргізу және бағалау процесіне тарту, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласындағы клиринг ұйым қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру болып табылады.



32. Тәуекелдерді айқындау рәсімі тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшемен бірлесе отырып жүргізген бөлімше қызметіне байланысты клиринг ұйымының әр бөлімшесі жүзеге асыратын мұқият шолу және мониторинг жүргізуге негізделеді.

33. Айқындалған тәуекелдер мына сипаттамалар бойынша талданады:

- 1) тәуекелдердің орын алу жиілігі;
- 2) тәуекелдердің ықпал ету көлемі.

34. Талдаудың нәтижелері негізінде рұқсат етілген түрде белгіленген тәуекелдердің мәніне қарай, тәуекелдер қабылданатын және қабылданбайтын боп сараланады.

35. Тәуекелдерді бағалау және бақылаудың нәтижелері тәуекел көрсеткішінің жалпы (интегралды мәні), сол сияқты клиринг ұйымы қызметінің әр жеке түрі үшін сандық мәнін айқындау үшін пайдаланылады.

36. Тәуекелдердің сандық мәні тәуекелдер көрсеткішінің ең жоғары рұқсат етілген мәнін, тәуекелдердің белгіленген рұқсат етілген көрсеткіштеріне сәйкестігін, сондай-ақ белгіленген рұқсат етілген көрсеткіштерге сәйкес келмейтін тәуекелдерді азайту және басқару үшін тиісті шешімдері қабылдау қажеттігін бағалауға мүмкіндік береді.

37. Клиринг ұйым қызметінің әрбір жеке түріне тән тәуекелдер көрсеткішінің сандық мәнін қызметтің осы түрін жүзеге асыратын клиринг ұйымының бөлімшесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшемен бірлесе отырып есептейді.

38. Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың қорытындылар бойынша клиринг процесінің бұзылуын туғызған техникалық іркілістер және өзге жағдайлар туралы директорлар кеңесі мен басқармаға хабарлайды.

39. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі техникалық іркілістер, сондай-ақ клиринг процесінің бұзылуына әкеп соққан жағдайлар туралы ақпаратты олар басталған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға беруді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

40. Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі туындаған тәуекелдер жағдайларының саны және тәуекелдердің туындауы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшері туралы директорлар кеңесі мен басқармаға тоқсан сайын есеп жасайды, сондай-ақ тәуекелдердің өздерін және сол сияқты олардың басталуы салдарларын азайту бойынша іс-шаралар жоспарын ұсынады.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

41. Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесінің тәуекелдер көрсеткішінің сандық мәнін бағалау жөніндегі қорытынды негізінде клиринг

ұйымының басқармасы директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндерін айқындайды.

42. Жаңа тәуекелдер туындаған жағдайда және (немесе) тәуекел көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндерімен сәйкес келмеген жағдайда тәуекелді және (немесе) осы сәйкессіздікті анықтаған клиринг ұйымының бөлімшесі директорлар кеңесі мен басқарманы хабардар етеді.

43. Тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде оларды азайтуға бағытталған болуы мүмкін шаралар белгіленеді.

44. Тәуекелдерді барынша азайту тәуекелдер мәні тәуекелдер көрсеткіштерінің шекті мәніне жуық болғанда не шектен асып кеткен жағдайларда қажетті болып табылады. Тәуекелдерді азайту мына шаралардың біреуін немесе бірнешесін қабылдау арқылы жүзеге асырылады:

1) клиринг ұйымының қызметі процесінде клиринг ұйымының органдары қабылдайтын сол және өзге шешімдерге тән тәуекелдер туындаған жағдайда, зиянды айқындау және азайту бойынша рәсімдерді жетілдіру;

2) тәуекелдерді басқару саласында клиринг ұйымы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

3) ішкі аудит қызметінің клиринг жүйесінің жұмыс істеуін және (немесе) клиринг ұйымының бөлімшелерінің жұмысын жоспардан тыс тексерулер жүргізу;

4) клиринг ұйымының басшы қызметкерлерінің тарапынан тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шараларға бақылауды арттыру;

5) клиринг ұйымының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда клиринг ұйымының қосымша кепілдік беру немесе резервтік қорларын қалыптастыру.

**Ескерту. 44-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

45. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі тәуекелдер туындау жағдайлары бойынша есептілікті беру тәртібін бекітеді, оның мақсаты болып мыналар табылады:

1) тәуекелдер туындау салдарынан болған шығындар туралы ақпараттық базаны қалыптастыру;

2) тәуекелдер туындау нәтижесінде болған нақты зиян туралы ақпаратты талдауы арқылы тәуекелдерді басқару мен азайту процестерін жетілдіру;

3) тәуекелдер туындаған нәтижесінде пайда болатын зиянның құнын кезеңді бағалауды жүргізу;

4) тәуекелдер туындауының маңызды жағдайларына уақтылы және тиісті ден қоюды қамтамасыз ету;

5) деректерді жинау, енгізу, өңдеу және сақтау жөніндегі рәсімдерді толық синхрондауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпаратты қайталау және (немесе) жіберіп алу бойынша қателерді болдырмау.

46. Клиринг ұйымының активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар клиринг ұйымының активтерін инвестициялау тәртібін айқындайтын клиринг ұйымының ішкі құжаттарында белгіленеді.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **5-тарау. Ішкі бақылау жүйесінің болуына қойылатын талаптар**

**Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

47. Клиринг ұйымының директорлар кеңесі ішкі бақылаудың бірдей жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және клиринг ұйымы қызметкерлерінің ішкі бақылау саласында өз міндеттерін орындауы үшін жағдай жасайды.

48. Клиринг ұйымындағы ішкі бақылау жүйесі мынадай мақсаттарға:

1) клиринг ұйымының активтерін басқарудың, клиринг рәсімдерінің, клирингтік қатысушыларға қатысты қадағалау функцияларын орындаудың және шығындар болуын айқындаудың тиімділігін тексеруді көздейтін клиринг ұйымы қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігіне;

2) қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігін, толықтығы мен уақтылығына. Аталған мақсат дәйекті және сапалы қаржылық есептің жасалуын және шешімдер қабылдаған кезде клиринг ұйымы пайдаланған басқа қаржы құжаттарын тексеруді болжайды;

3) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ клиринг ұйымының ішкі саясаты мен рәсімдерін айқындайтын құжаттардың талаптарын сақтауға жету үшін құрылады.

**Ескерту. 48-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

49. Ішкі бақылау жүйесі мынадай үш кезеңнің үздіксіз кезекті түрде жүру принципі бойынша қызмет етуі тиіс:

1) клиринг ұйымының ішкі регламенттеріне рәсімдерді қосу жолымен ішкі бақылау жүйесін (тиімділікті бақылау нәтижелерін есепке ала отырып) қалыптастыру;

2) жұмыста клиринг ұйымының ішкі регламенттерін пайдалану;

3) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізу.

50. Ішкі бақылау жүйесі мына рәсімдерді жүргізуді қамтиды:

1) қызметтің жоспарлы көрсеткіштерін қоса беріп, клиринг ұйымының қаржылық қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есептерді директорлар кеңесіне беру арқылы

клиринг ұйымының алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу процесін тоқсан сайын тексеру;

2) бөлімше қызметінің нәтижелері туралы стандартты нақты есептерді бөлімше басшыларының ай сайынғы негізде тексеру;

3) материалдық маңызды ақпаратқа және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге қол жетімділікті шектеуге бақылау жүргізу мақсатымен тексеру;

4) тәуекелдің белгіленген лимиттерінің сақталуын тексеру мен анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

5) міндетті авторизацияны талап ететін операциялардың тізбесіне клиринг ұйымының директорлар кеңесімен талаптарды белгілеу;

6) операциялардың шарттары мен клиринг ұйымының қызметіне байланысты тәуекелдерді басқару үлгілерін қолданудың нәтижелерін тексеру;

7) жүргізілген операцияларды клиринг ұйымының есебінде және есептілігінде көрсетудің уақтылығын, дұрыстығын, толықтығы мен дәлдігін тексеру;

8) клиринг ұйымының бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етілуінің сенімді қызмет етуін тексеру;

9) клирингтік қатысушыларға қатысты қадағалау рәсімдерінің тиімділігін тексеру;

10) клиринг ұйымында мүдделердің орын алған және әлеуетті мүдделер қақтығысын басқаруға бағытталған рәсімдердің тиімділігін тексеру;

11) қаржы құралдардың құнын бағалау және кірістілік бөлігінде әдістерді қоса алғанда, клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын қаржы құралының құнын бағалаудың дұрыстығын және дәйектілігін тоқсан сайынғы тексеру.

**Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

51. Ішкі аудиттің мақсаты болып ішкі бақылау жүйесінің бірдейлігін және тиімділігін бағалау, клиринг ұйымының бөлімшелерінің жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау жағдайы туралы уақтылы және дәйекті ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмысты жақсарту жөніндегі ұтымды және тиімді ұсынымдарды беру табылады.

52. Директорлар кеңесі ішкі бақылау жүйесінің жағдайын объективті бағалауды және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдарды беру жолымен тиісті ішкі бақылау жүйесінің бар болуын және қызмет етуін қамтамасыз ету бойынша функцияларын жүзеге асырғанда туындайтын міндеттерді шешу мақсатымен ішкі аудит қызметі құрылады.

53. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне клиринг ұйымының басқа бөлімшелерінің функциялары мен міндеттерін жүктеуге жол берілмейді.

54. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңын, осы Талаптармен және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру туралы және клиринг ұйымының ішкі аудит қызметі туралы ережелерді қоса алғанда, клиринг ұйымының ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

55. Ішкі аудит қызметі клиринг ұйымының директорлар кеңесіне есеп беретін клиринг ұйымының кез келген бөлімшесінің немесе органының қызметін тексеруді тағайындайды. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесінің алдында үнемі есеп береді.

56. Ішкі аудит қызметі клиринг ұйымының директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудиттің жоспары мен ішкі аудит бағдарламасын жасайды.

57. Ішкі аудит қызметі мынадай мәселелерді қарайды:

1) ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуін;

2) директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептілікті дайындау;

3) директорлар кеңесіне, басқармаға және сыртқы пайдаланушыларға берілетін клиринг ұйымының лицензияланатын қызмет түрі шеңберінде кез келген мәлімет пен ақпараттың шынайылығы мен дәл болуын;

4) ішкі немесе сыртқы аудиторлар анықтаған бухгалтерлік есептегі немесе ішкі аудиттегі кез келген елеулі кемшіліктерді;

5) клиринг ұйымының ішкі құжаттарымен ішкі аудит қызметінің құзыретіне жататын мәселелерді.

58. Мыналар ішкі аудит қызметінің негізгі функциялары болып табылады:

1) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру мен бағалау;

2) тәуекелдерді бағалау әдістемесінің және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің (әдістемелерінің, бағдарламаларының, қағидалардың, тәртіптерінің және операциялар мен мәмілелер жасау, тәуекелдерді басқару рәсімдерінің) қолдану толықтығын және тиімділігін тексеру;

3) деректер базасының тұтастығы мен оларды рұқсат берілмеген кіруден қорғауды, күтпеген жағдайларда іс-қимыл жоспарының болуын қоса отырып, клиринг жүйесінің қызмет ету тиімділігін тексеру;

4) бухгалтерлік есеп пен есеп берудің шынайылығын, толықтығын, объективтілігі мен уақтылығын, сондай-ақ ақпарат пен есептіліктің сенімділігін әрі жинақтау мен берудің уақтылығын тексеру;

5) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес өзге мәліметтердің шынайылығын, толықтығын, объективтілігі мен берудің уақтылығын тексеру;

6) клиринг ұйымы мүлігінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылып жүрген тәсілдерін (әдістерін) тексеру;

7) клиринг ұйымы жасаған операцияларының экономикалық мақсатқа сай екенін және тиімділігін бағалау;

8) ішкі бақылаудың процестері мен рәсімдерін тексеру;

9) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасы талаптарын сақтауын бақылау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;

10) клиринг ұйымының қызметкерлерін басқару қызметінің жұмысын бағалау;

11) клиринг ұйымы бөлімшелерінің тексеру нәтижелері бойынша клиринг ұйымының бөлімшелері мен органдары қабылдаған тәуекелдер деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін шараларының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыру;

12) клиринг ұйымының ішкі құжаттарымен ішкі аудит қызметінің құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді қарау.

59. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру клиринг ұйымының осы қаулыда көрсетілген талаптарға сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.

Клиринг ұйымының  
тәуекелдерді басқару жүйесіне,  
клиринг ұйымындағы  
тәуекелдер мониторингінің,  
бақылау мен басқарудың  
шарттары мен тәртібіне  
қойылатын талаптарына  
қосымша

" \_\_\_\_\_ " жыл үшін

" \_\_\_\_\_ "

**(клиринг ұйымының атауы) Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша есеп**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2018 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№	Талаптардың тиісті абзацының, тармақшасының, тармағының нұсқауы	Талаптардың тиісті абзацының, тармақшасының, тармақтың талаптарына сәйкестігін бағалау	Анықталған кемшіліктер	Кемшіліктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар, жауапты тұлғалар мен іс-шараларды орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау:

Кестені толтыруға түсініктеме:

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау мынадай өлшемшарттардың үш балдық жүйесі бойынша жүзеге асыру қажет: талапқа сай, ішінара талапқа сай, талапқа сай емес.

1. "Талапқа сай" бағалау клиринг ұйымы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың өлшемшарттарын қандай да бір маңызды кемшіліктерсіз орындауы кезінде шығарылады.

2. "Ішінара талапқа сай" бағалау клиринг ұйымы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың нақты өлшемшартын сақтаудағы мүмкіндігіне қатысты маңызды күмән пайда болуына жеткілікті болып есептелмейтін кемшіліктер анықталғанда шығарылады.

3. "Талапқа сай емес" бағалау клиринг ұйымы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың өлшемшартын орындамаған кезде шығарылады.

4. Егер тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жекелеген талаптар қор биржасына қатысты қолданылмайтын жағдайда, талаптың осы өлшемшартына сәйкестігін бағалау жүзеге асырылмайды және тиісті "қолданылмайды" деген жазбамен белгіленеді.

Клиринг ұйымының бірінші басшысы (не оның міндетін орындаушы адам)

\_\_\_\_\_

қолы

\_\_\_\_\_

күні

Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің басшысы

\_\_\_\_\_

қолы

\_\_\_\_\_

күні

Ішкі аудит қызметінің басшысы

\_\_\_\_\_

қолы

\_\_\_\_\_

күні